



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Смағұлов Т. Найман Мәмбетқұл және Ырғызбай әулие әулеттері.-Семей, 2005, 180 б.
2. Нұрланұлы Д. Өскемен / Дидар, № 9, 2014, 8-9 бб.
3. Мейрамтай И. Өскемен / Дидар, № 10, 2014, 7-9 бб.
4. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – А.: Арыс, 2004, 300 б.

ӘӨЖ [902.2](#)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕН ЖЕТІСУДЫҢ СӘУЛЕТКЕРЛІК ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТОПТАСТЫРУ КЕЗЕҢІ

Жомарт Жасұлан Билибайұлы

Zhomartzhassulan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ археология және этнология мамандығының 3 курс
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Қ.Рахимжанов

Қазақстан археология ғылымының даму тарихын бірнеше ірі кезеңдерге бөлуге болады. Қазақ өлкесі, ондағы археологиялық ескерткіштер туралы алғашқы орта ғасырлық шығыс зерттеушілердің қалдырған жазбаларынан бастап, кейіннен «Қазақстан Орта Азияға» ашылған қақпа ретінде санаған І Петр тұсынан бастау алған. 1986 жылы К.М.Байпақовтың «Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірінің ортағасырлық қалаларының мәдениеті» атты еңбегі жарық көрді. Осы еңбекте Қазақстанның ортағасырлық қалаларының мәдени дамуын екі кезеңге қарастырады, яғни Революцияға дейінгі, және Кеңестік кезең деп. Бірінші кезеңнің өзі 2 кезеңге бөліп қарастырған: XV ғасыр мен 1870 жылдар аралығы, екіншісі 1870 жылдан бастау алып 1917 жылғы аралығындағы зерттеу жұмыстары қамтылған.

Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер қытай, парсы, араб тарихшыларының еңбектерінен кездестіреміз. Сонымен қатар орыс географтары мен тарихшыларынан кездестіруге болады. Жаңа заман уақыты басталған кезде Орыс патшасы І Петрдің бастамасымен көне мұраларға, оларды қағаз бетіне түсіру, суреттеу, жинақтау туралы жарлығы Орыс пен Сібіраймақтарын, сонымен қоса Қазақстан жерін зерттеу туралы маңызды жарлықтары өз септігін тигізген болатын. Осы бастаманың нәтижесінде Қазақ жерін зерттеуге арнайы дайындалған экспедициялар ұйымдастырылды. Біздің негізгі қарастыратын мәселе бірінші – ол Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның ескерткіштерінің жалпы жинақталу кезеңі болып табылады.

Бұл аймақтағы ежелгі сәулеткерлік ескерткіштерін оқып зерттеу (негізінен, орта ғасырларда) кем дегенде 150 жылды құрайды. Ең алғашқы іргетасы 1854 жылы Ш. Уәлихановтың Орталық Тянь-Шань арқылы Омбыдан Ыстық-Көлге сапар шегуінен қаланған болатын [1, 241-244]. Ғалым өз күнделігінде қазақ және қырғыздардың тұрмыс-тіршілігі, тарихы, өлкенің табиғаты жайында бақылаған көптеген жазбаларымен қатар, жекеше алғанда, Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлу кесенелері, орта ғасыр қалаларындағы қырғыз мазарларының қалдықтары жайында архитектуралық бірлестіктер жөнінде бейнелеп жазған. 1859 жылы Қашқария сапарынан келе жатып, Ш. Уәлиханов Орта Азиядағы Таш-рабатта орта ғасырлық сәулеткерлік ескерткішін зерттеп және түсініктеме бере отырып, сызбасын, жоспарын жасаған [2, 58]. Бұл осы күнге дейін көп қырлары жұмбақ күйінде қалып отырған Таш-рабат ескерткіші жөніндегі ең алғашқы дерек көзі болатын. 1867 жылы Оңтүстік Қазақстанға ғылыми мақсатпен шығыстанушы П.И. Лерх келді, ал Жетісуға (1862 ж., 1869 және 1870 ж.ж.) түріктанушы В.В. Радлов сапар шекті. Бұл зерттеушілердің есептерінде сәулеткерлік

бірлестіктер – құрған, Сауран мұнаралары, түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесі, жұмбақ тасты Ақыртас құрылыстары жайында ғылыми түсіндірмелер келтірілген[3, 13]. Басылымдар кең ауқымды көпшіліктің назарын аударып, көптеген ежелгі, соның ішінде Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы сәулеткерлік ескерткіштерді оқып зерттеуге деген қызығушылықты арттыра түсті. Әсіресе орта ғасырдағы Янкигент (Жанкент) қаласының қалдықтары үлкен жаналық тудырды. Осы жерде, мысалы, аз мөлшерде қазба жүргізген және ежелгі заттардан жиынтық жасаған орыс суретшісі В.В. Верещагин болды[4, 187-192]. Айта кетерлік тағы бір жайт, мәдени ескерткіштерді қорғау шараларын жүргізу де Янкигентпен байланысты. 1867 ж. Бұл қалада ежелгі құрылыстардан қалған күйдірілген кірпіштерді әкетуге тыйым салуға бағытталған әскери шеп қойылды[5, 172].

Ақпараттық жоспарлар туралы көптеген ескерпелер пайда болды, олардың қатарына архитектуралық ескерткіштері, Ахмет Яссауи кесенесі және Бұран мұнарасы да кіреді. Археологиялық және архитектуралық ескерткіштерді оқып тануға В.В. Бартольд үлкен үлес қосты. Оның Жетісу және Оңтүстік Қазақстанға (1893-1894) сапарлары жайында суретші В. Дудинмен бірігіп жазған есебі көп уақытқа дейін жазба қайнар көздері және археологиялық материалдардың сараптамасына негізделген тарихи-археологиялық зерттеулердің жанрын бекітті. В.В. Бартольд орта ғасыр қалаларына өлкенің саяси тарихын қолдана отырып мінездеме берді. Белгілі шығыстанушының осы және көптеген басқа да шығармаларындағы негізгі көзқарасы қала құрылысы мен архитектуралық мұраларға негізделген: ол Айша-Бибі және Бабажы-қатын кесенелері, Ақыртас қалдықтары және Бұран мұнарасы жайында жазып, ең алғашқы болып Іле қырларындағы қалалардың топографияларын, Шу қалаларының ұзын қабырғаларын ерекше атап өтті. В.В. Бартольд күйдірілген кірпіштерден салынған ежелгі құрылыс қалдықтарын көрген Верныйға (қазір бұл Алматы территориясы) жақын ежелгі қалалар жөнінде еске алады[6, 26-91]. 1895 жылы Ташкенттегі өзінің бастамасымен құрылған археологиялық Түркістандық үйірмесі қызмет атқара бастайды. Бұл үйірменің белді мүшелері Н.Н. Пантусов және В.А. Каллаур[7] болды. Н.Н. Пантусовтың ежелгі Жетісуге арналған еңбегінің қатарында сәулеткерлік ескерткіштерге де арналған беттері бар. Ол өз сапарларының бірінде Таш-рабатқа түсініктеме бере отырып, жоспарын жасаған[8, 6-9]. Сондай-ақ Іле қырларындағы сәулеткерлік ескерткіштер, соның ішінде Алмалық қаласы және оның төңірегіндегі кесенелер жайында дерек қалдырды[9, 161]. В.А. Каллаур саяхат барысында ежелгі қалалар жайында халық аңыздарын жинап, архитектуралық бірлестіктер, соның ішінде, Қарахан және Айша-Бибі кесенелері, сондай-ақ Сығанақтағы Көк-Кесене, Сырдариядағы Сарлытам жайында өз бақылауларын жазып отырған.

Сәулеткерлік ескерткіштерді зерттеуге үйірме мүшесі А.А. Диваев та өз үлесін қосты. Қызмет бабына қатысты сапар шеге отырып және этнографиялық және фольклорлық материалдар жинап жүріп, ол сонымен қатар сәулеткерлік ескерткіштерді зерттеуге қызыққан. Қорқыт-Ата моласы және Көк-Кесене мұнарасы туралы деректер қалдырды[10, 10]. Түркістан үйірмесінің бастамашылығымен Қазақстанда бірінші рет орта ғасыр қалаларына қазулар жүргізілді, ал ізінше археологиялық ескерткіштер зерттелді. 1904 жылы А.К. Кларе және А.А. Черкасов Отырарда қалашығындағы жоғарғы қабаттарын зерттеу өткізіп қала сыртындағы орлардың қазылуына ат салысты. Зерттеу барысында құрылыс жабдықтары мен сәулеткерлік ескерткіштерге тәе декор табылды[11, 13]. Ежелгі Жетісу және Оңтүстік Қазақстандағы төңкеріске дейінгі кезеңге мінездеме бере отырып, архитектура ескерткіштері көптеген ғалымдардың басты назарын аударғанын атап өткен жөн, соның ішінде қазіргі жаңа ғылым жетістіктері Айша-Бибі, Бабажы-қатын мұнаралары, Көк-Кесене және Ақыртас, Ахмет Яссауи және Сарлы-тама, Қорқыт-Ата және Бұран мұнаралары жөніндегі жазба ескерткіштерін қалдырған өлкенің алғашқы зерттеушілері – Ш.Ш. Уәлиханов, П.И. Лерх, В.В. Радлов, В.В. Бартольд, қатысуымен құрылған Түркістандық үйірменің мүшелерінің есімдерімен байланысты. Бұл материалдар аса құнды болып табылады, өйткені,

бірнеше он жылдықтар өткеннен кейін кейбірескерткіштер құрып кетті, кейбіреулерінің сыртқы көлемдері мен интерьерлері өзгерген, ал декоративті кеңістіктері мүлдем жоғалған. Және қазіргі таңда бұл сәулет өнерінің архитектуралық ескерткіштері жайында толық хабардар болу үшін және қайта өңдеудің кейбір мәселелерін шешу үшін, олар жайында зерттеген көне зерттеушілердің библиографиялық ескертпелері мен мақалаларына арқа сүйейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Уәлиханов Ш. Дневник поездки на Иссык-куль. Избранные произведения.-А.: Наука, 1958, 280 с.
2. Уәлиханов Ш. Кашкарский дневник.-А.: Наука, Т.3, 1985, 350 с.
3. Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край.- СПб, 1867, 250 с.
4. Чабров Р.Н. Из истории изучения развалин древнего города Джаркента.- Ташкент: САГУ, 1957, 250 с.
5. Формозов А.А. Страницы истории русской археологии.-М.: Наука, 1986, 250 с.
6. Бартольд В.В. К вопросу об археологических исследованиях в Туркестане.- М.: Наука, Т.3, 1966, 300 с.
7. Каллаур В.А. Акыртас. Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии.- Ташкент: САГУ, 1896, 280 с.
8. Пантусов Н.Н. Таш-Рабат // Известия ИАЭ, 1909, Вып.4, С. 85-95.
9. Пантусов Н.Н. Город Алмалык и мазар Туглук Тимур -хана.- М.: Наука, 1910, 190 с.
10. Диваев А.А. Несколько слов о могиле Хорхут // Туркестанские ведомости, № 10, 1902, С. 25-30.
11. Кларе А.К., Черкасов А.А. Древний Отрар и раскопки, проведенные в развалинах его // Туркестанские ведомости, № 11, 1904, С. 25-30.

УДК 94(5)

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АЛТАЙ ЖЕРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІ ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫ

Жумакулова Нурсулу Уразбайқызы

nzhumakulova@bk.ru

Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Институты, Павлодар, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Сыздыкова

Тарихымызда біздің заманымыздан бұрынғы екі мың жылдықта қазақ жерін және Алтайды мекен еткен тайпалардың өмірінде үлкен өзгеріс болды. Ол өзгерісті тайпалардың құрылыс индустриясынан байқауымызға болады, яғни, бұл өзгеріс тас құралдан – металл құралдарына көшуден бастау алады. Сол кездегі тайпалардың бұл жетістігі мыс металлургиясын игеруге өз септігін тигізді.

Қола дәуірін, және ондағы мәдениеттерді зерттеген ғалымдар Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, Ә.М. Оразбаев, Ә.Т. Төлеубаев, Г.К. Омаров, А.З. Бейсенов, К.В. Сальников, О.А. Кривцова-Гракова, С.С. Черниковтар болды. 1929-1930 жылдары Б.Н. Жданов, П.И. Преображенский және Н.П. Орловалардың қатысуымен Көкшетау облысында Ақкөл көлінің маңында 13 қоршаудан 22 қабір қазылған. 1931-1939 жылдар аралығында О.А. Кривцова-Гракованың жетекшілігімен Қостанай облысы жеріндегі Алексеев қонысында, қорымында және ғұрыптық орындарда жүргізілген зерттеулер Қазақстан жеріндегі ең алғашқы қолға алынған кешенді жұмыс болып саналады. Сол ескерткіштердің жинақталған